

С. ЖОЛДАСБАЕВ, Д. МҮСТАПАЕВА

ОРТАҒАСЫРЛЫҚ СЫГАНАҚ ҚАЛАСЫНЫҢ СӘУЛЕТТЕКІ КЕРАМИКАСЫ


2003–2008 жж. Сығанақ археологиялық экспедициясының жүргізіп келе жатқан қазба жұмыстарының (қазба-1, қазба-2, қазба-3) нәтиже-сінде табылған керамикалық материалдардың ішінде ортағасырлық сәулеткерлік керамикалар үлгілері де кездеседі.

Жалпы керамикалардың ішінен архитектуралық керамиканы жіктеу негізінде оларды бояусыз және бояулы деп белуге болады. Солардың ішінде сырсыз қаптама қыштардың жиынтығын бірнеше топтарға бөліп қарастыруға болады (1-сурет). Бірінші түрі – есімдік сипатындағы өрнектердің сазды тақтаға кесіп түсірген (1-сурет, 3). Мұндай қыш қаптамалар XII ғ. Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің кұрылыш материаларының ішінен кездеседі. Дегенмен, Сығанақтың қыш қаптамаларының бетіндегі шегемен түсірілген секілді ойықтар кездесуімен ерекшеленеді (1-сурет, 3). Бұл ойықтарға кезінде шынылтырланған өрнекті тақталар бекітілген болса

керек. Ортағасырлық Қазақстан қалаларының сәулет ескерткіштерінде кездесетін белгі бояусыз қыш тақталар мен шынылтырлы кірпіштермен ғимараттардың ішін, сыртын әрлендіру болып табылады. Кесенені салуда бояусыз қаптама қыштардың бірнеше түрі қолданылған және саз балшықтардың сапасы, жасалу технологиясы бойынша әртүрлі болып келеді.

Сығанақ XIV ғ. екінші жартысында Ақ Орданың астанасы, ірі экономикалық және саяси, мәдени орталығы болған. Ерзен хан, Мұбәрәк қожа, Орыс хан, Токтамыс билік еткен кезде Сығанакта үнемі құрылыш жұмыстары жүргізіліп отырған, сол кездегі шығыс сәулет өнерінің дамыған озық үлгілерінің колданылғаны белгілі.

Қазба-1 (кесінді қала), Қазба-2 (кесене), Қазба-3 (ханака, кесене) табылған архитектуралық керамикалар – күйдірілген кірпіштер, шынылтырланған өрнекті қыш тақталардан тұрады. XX ғ. басында



1-сурет. Бояусыз көркем қыш қаптамалар

1901 жылы В. Каллаур, 1927 ж. А. Ю. Якубовский Сыганакта болып, мұндай материалдарды археологиялық барлаулары кезінде көздестірген¹. А. Ю. Якубовский жер бетіне шығып жатқан шынылтырланбаған терракоталық кірпіштер сынығы, жоғары сапалы шынылтырмен қапталған жұка тақтайшалар негізінде кек кесененің шынылтырланған тамаша өрнегі бар қыш тақталармен өрілген ғимарат болғанын айтқан².

Кесененің архитектуралық жобалануында Ұлы Жібек жолындағы ірі сауда орталығы бол-ған кала ретінде архитектураның шығыс өнеріне тән ерекшеліктері көн қолданылды.

XIV–XV ғғ. және кейінгі ғасырларда саз балшыктарды өңдеу технологиясы алдыңғы көзендердегі технология негізінде жүргізіліп отырған екен³. Бұл дәстүр көптеген ғасырлар көле-мінде сақталып, қолданыста болған. Сыганактың қаптама қыштарының келесі түрі – дәңгелек сипатында жасалып, үш жапырақты өрнектермен әрленген сәүлеттік керамика болып табылады (1-сурет, 9, 10). Мұндай дәңгелек керамикалық қыш тақталар ертеортағасырларда да ғимараттарды әрлеуде қолданылған⁴. Шығыстың архитектуралық керамикасында дәстүрдің ұзақ уақыт сақталуын ескерсек, мұндай формадағы қаптамалар түрін Оттардың ортағасырлық керамикалық өндірісін, Мыңшұңқыр шеберханаларының өнімдерін талдаған зерттеулердегі сәүлеткерлік керамикалар ішіндегі сырсыз терракоталардан тауып, олардың Сыганак кесенесінің дәңгелек, төртқұлақ ұлғісіндегі қыш тақталардың ұқсастығын байқауға болады⁵. Деректердегі XIV–XV ғғ. Ақ Орда хандары, Ерзен мен Мұбәрәк қожа, Орыс ханының Отырар, Сауран, Сыганак, Жентте құрылыш жұмыстарын күштейтіп, тұрғын үйлер, мешіттер мен қоғамдық ғимараттар салдырғанын негізге ала отырып, мұндай ұқсастықтардың занды екенін байқауға болады⁶.

САЭ-03, Қазба-2 табылған терракоталық қаптама қыштардың тағы бір түрінің өрнектері өсімдік текстес үш жапырақ, төрт бұрышты шаршылардың

үндесуінен тұрады (1-сурет, 5–8). Терракотаның ерекше көркем түрі өте нәзік, үлкен шеберлікте қажет ететін өрнектерімен ерекше-ленеді. Осындаи өрнек сарыны мен жасалу үлгісі бар көркем қаптамалар XV ғ. Самарқандтағы Ұлықбек сарайларын әрлеуде қолданған терракоталардың ішінде кездеседі⁷. Дегенмен, Сыганак қыш қаптама терракотасы белгілі бір құрылымдары бойынша өзіндік ерекшеліктерге ие деуге болады. Жалпы өрнектерді түсіру негізін ұстана отырып, шебер өзіндік ерекшеліктерді де ұмытпаған. Бояусыз қаптама қыштар формасы бо-йынша алты бұрышты, ромбы, дәңгелек сипатында болып келді (1-сурет). Өрнектері өсімдік текстес сипатта және геометрияланған түрде түсіріліп отырған. Келесі қыш қаптамалардың сыртына түсірілген өрнектер төрт құлақ, мәңгілік қозғалыс, дүниенің төрт бұрышын бейнелейтін өрнек түрінде, төрт бұрыш сипатында болып келген (1-сурет, 1, 2). Бұл аталған өрнектер сазға белгілі бір қалыптармен түсірілген болу көрек.

Сыганак археологиялық экспедициясының материалдарының ішінде архитектуралық боя-улы керамикалардың бірнеше түрін қарастыруға болады. Бояулы қыш қаптамалар бірнеше түрде жасалып, ғимаратты әрлеуде өзіндік сипаты бойынша қолданылып отырған (2-сурет, 1-12). Бояулы қаптама қыштың өрнектері өсімдік текстес сипатта болып келеді. Сыртында кезінде бояулы болып, уақыт ете түсіп, іздері қалған (2-сурет, 1, 2). Қазба-2 – кесенеден табылған материалдар ішіндегі бояулы архитектуралық керамиканың бірнеше түрін жіктей отырып, олардың Қожа Ахмет Ясауи кесенесіндегі қыштардың түрлері секілді терракота, майолика, шынылтырланған көркем қыштардан, өрнекті тақталардан, сталактиттерден тұратынын көруге болады⁸. Сыганакта, кесене орнынан табылған архитектуралық материалдардың ішіндегі жоғарыда сипатталған архитектуралық керамика бөлшектері Қожа Ахмет Ясауи кесенесіндегі майолика, сталактит-терінің өрнектерімен сәйкес келеді. Керамикаға өрнектерді

¹ Каллаур В. Древние города Сыганак, Ашанас и другие в Перовском уезде разрушенные Чингиз ханом в 1219 году. «Протоколы заседаний и сообщения членов Туркестанского кружка любителей археологии». Год пятый. 1900; Якубовский А.Ю. Развалины Сыганака (Суганака). Сообщения ГАИМКА. Т. 11. Л., 1929.

² Якубовский А.Ю. Развалины Сыганака (Суганака). Сообщения ГАИМКА. Т. 11. Л., 1929. С. 1 50-151.

³ Такибаева С.С. Тайны небесной глазури. Алма-Ата: Қазақстан, 1987. 120 с.


⁴ Смагулов Е.А., Григорьев Ф.П., Итенов А.А. Средневековая археология города Туркестана. Туркестан: Мирас, 1998. 228 с.

⁵ Қожаев М. Отырардагы керамика өндірісі. Түркістан: Мұра, 1996. 159 б.

⁶ Қазақстан тарихы. Очерктер. Алматы : Дауір, 1994. 438 б.

⁷ Гражданкина Н.С., Рахимов М.К., Плетнєв И.Е. Архитектурная керамика Узбекистана. –Ташкент: Фан, 1968. 158 с.

⁸ Такибаева С.С. Тайны небесной глазури. Алма-Ата: Қазақстан, 1987. 120 с.



2-сурет. Бояулы қыш қаптамалары

түсіру әдістері бойынша өзара үндесіп тұр. Мұны, Шығыс елдерінде көптеген ғасырлар бойы сәулеттік керамиканың тұракты түрде сақталуымен түсіндіруге болады⁹. Дегенмен, Сығанактан табылған керамикалардағы өрнектердің құрылымы өте ұқсас болғанмен, бояулардың сапасы бойынша Қожа Ахмет Ясауи кесенесіндегі сталактит, майолика үлгілеріндегі бояулармен салыстырғанда басқаша. Яғни, бояулардың сапасы бұл аталған керамикаларда төмендеу деуге болады. Сығанак сәулетшілері Қожа Ахмет Ясауи кесенесін әрлеуде қолданылған жыланкөзді майоликалық өрнекті қолданған, бірақ түсіру технологиясы бойынша XIV ғ. екінші жартысында қолданылған әдістен қаралайымдау түрде жасалынған. Сығанактың сәулет керамикасында төрт бұрышты ромбы секілді (2-сурет, 5–7, 9, 10) қаптама қыштың сыртына түсірілген өсімдік текстес өрнектерді қышка түсіргенде екі түрлі, геометрияланған және өсімдік текстес өрнектер қолданылған. Аталған қыштың жиегі аспан көк түсті, орта бөлігіне ақ түспен гүл сағақтары түсіріліп, ортасы ақшыл қызылт түсті бояулармен әрленген.

Дәл осындағы өрнектер мотиві Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің сәулеттік керамикасында кездеседі¹⁰.

Қаптама бояулы қыштардың келесі түрі өсімдік үлгісіндегі өрнектермен әрленіп, жасыл түсті бояулармен боялған (2-сурет, 1–3). Кесенені әрлеуде ақ, ақшыл қызыл, аспан көк, көк, кара, жасыл түсті бояулар қолданылды.

Гимаратты қөркемдеуге қолданылған келесі қыштар Сауран қаласынан табылған бояулы сәулет керамикасымен де үндеседі.

Қыштардың сыртына тоқ көк, кою коныр түспен төртбұрышты құрақ секілді бояулар түсірілген (2-сурет, 11–13). Бұл әрлеудің үлгісі ықылым заманнан ел өзінің тіршілігінде қолданып келген көрпешелерді тігуде қолданылатын құрақтардың құрылымын еске түсіреді. Бояулы қыш қаптамаларды әрлеуде көп қолданылған бояу түрі – аспан көк түсті сырлар болып табылады¹¹.

Ортағасырлық Сығанак қаласын қазу барысында қазба-2 кесене орнынан табылған керамикаларың материалдардың бірі – күмбездің ұшына қойылатын шошактардың фрагменті болды. «Кубба» деп атал-

⁹ Кверфельд Э.К. Керамика Ближнего Востока. Л., 1947. 140 с.

¹⁰ Такибаева С.С. Тайны небесной... 14-сурет.



3-сурет. Шыңылтырлы көркем күмбез ұшының фрагменттері

ған күмбез ұшының (3-сурет, 1-3) бұл бөлігі ортағасырларда колданылған қабыргалы күмбездердің формасын бейнелейді. Күмбез ұшын бояуда жасыл, көк түсті бояулар колданылған. Кезінде кесенесін құмбезі аспан көк түсті бояуы күн сөулесінің түсімен ақшыл, сары түске ұласып, көз тартарлық сипатқа ие болып, әсем көрініс берген. Күмбез ұшының бояуының мың құбылып, түрленуі ортағасырлық сәүледтік керамиканы әрлеуде колданылған шыңылтырлардың сапасы мен түріне байланысты болған. XII ғ. қалайы шыңылтырдың кең тарауымен қатар пайда болған, шеберлер люстр деп атаған бояуды қолданылғаны анық. Бұл алтын мен металдың кере-мет жарқылының піл сүйегі түсті қалайы шыңылтырдың түсімен үйлесіп, женіл кемпірқосактың түсіндей, күн сөулесімен керемет үйлескен асқан бір салтанат береді¹².

Куббаның – күмбез ұшының өзі кезінде сырты шыңылтырланған, керемет бояулы күмбезді ғи-марат болғанын дөлелдейді. Жасыл не көк сырмен сырланған, өрнегі жоқ осындай куббалар Отырадан, Мың-шұңқыр соүлекерлік керамикаларынан да табылған¹³. Сығанактан табылған күмбез ұшының сынығы кезінде саяси-экономикалық, сауда орталығы болған қаланың ортағасырлық ке-сенесінің сәүлед өнерінің ен жоғарғы жетістік-терімен салынғанын айғақтайды. Ашық, жылтыр шыңылтырлы, күміс пен алтын түстерді беріп жар-қырай ұндысқен бояулар XIV–XV ғғ. кең өрістеген¹⁴.

Ортағасырлық Сығанак қаласының архитектуралық керамикасы Орта Азияда, Шығыста дамыған сәүлед өнерінің дәстүрін қала ғимараттарын көркемдеуде қолданғанын көрсетеді. Сәүледтік ке-

рамика үлгілері Сығанақ кесенесінің XIV ғ. Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің құрылыс материалдарымен, Отырадан табылған архитектуралық материалдармен, Сауранның керамикасының өрнектерімен үйлеседі. Сығанактың архитектуралық материалдарының құрамын қолда бар заттардың негізінде жіктеу барысы қалада ортағасырлық шығыс сәүлед өнеріне катасты құрылыс материалдарын кең қолданып салынған ғимараттардың болғанын айғақтайды. Қазба-2 кесене орнын қазу барысында табылған шыңылтырсыз және шыңылтырлы сәүледтік керамика үлгілерінің өзі-ақ ғимараттың іші-сыртының шығыстық үлгіде әрленгенін дәлелдеп отыр.

Ғимаратты салып, көркемдеуде қаптама қыштардың көптеген түрлері кең қолданылған.

Резюме

Классифицируется архитектурная керамика, найденная на средневековом Сыгнаке. Также проводится исследование архитектурных облицовочных плит, орнаментальных мотивов и наверший куполов.

Summary

In this article the architectural ceramics found in the medieval Syganak were classified. Also the common examination of the architectural facing plates, ornamental plates and dome tops were given.

¹¹ Байтақов К.М. Қазақстанның ежелгі қалалары. Алматы, 2006. 316 б.

¹² Кверфельд Э.К. ... 41-б.

¹³ Қожаев М. ... 106-б.

¹⁴ Гражданкина Н.С., Рахимов М.К., Плетнев И.Е. Архитектурная керамика ... С. 30.